



№61 (9948)

5 тамыз

сенбі

2023 жыл

Газет

1934 жылғы

10 қаңтардан
бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жазала

Жаршысы

Қызылорда облысы

Жалағаш

ауданы

Сапар



Құрылыс сапасы басты назарда

БҰҒАН ДЕЙІН «ӘКІМ – КАБИНЕТТЕ ЖҰМСАҚ КРЕСЛОДА ОТЫРМАЙ, ЕЛДІҢ ІШІНДЕ ЖҰРСЕ, ТІРЛІК ӨНІМДІ БОЛМАҚ. ӨЗ БАСЫМ КАБИНЕТТЕ ОТЫРҒАННАН АУДАНДА АТҚАРЫЛЫП ЖАТҚАН ЖҰМЫСТАРДЫҢ БАСЫ-ҚАСЫНДА БОЛУДЫ ЖӨН КӨРЕМІН» ДЕГЕН АУДАН ӘКІМІ АСҚАРБЕК ЕСЖАНОВ КЕНТТЕ САЛЫНЫП ЖАТҚАН БІРҚАТАР ҚҰРЫЛЫС ОРЫНДАРДЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР БАСҚА ДА НЫСАНДАРДЫ АРАЛАП, ОЛАРДЫҢ ХАЛ-АХУАЛЫН ТАҒЫ БІР БАЙҚАП, БАҒАМДАП ҚАЙТТЫ.

Бірінші нысан кенттегі Желтоқсан көшесі бойындағы құрылысы жүріп жатқан 160 орындық дене шынықтыру және сауықтыру кешені болды. Мердігер мекеме «SCS инжиниринг» ЖШС жоба құны 471,6 млн теңгегі құрайтын кешенді бұйырса, қыркүйек айында ел игілігіне тапсырмақ. Иә, 2021 жылы басталған нысан құрылысының мерзімінен кешігіп жатқаны жасырын емес, осы ретте аудан әкімі жаңа оқу жылына дейін құрылыс жұмыстарын толық аяқтауды мердігер мекеменің өкілі Асхат Жұмадулаевқа қатаң тапсырды.

Бүгінде кенттегі тұрғын үйлердің барлығы дерлік көгілдір отынға қо-

сылды деуге болады. Дегенмен әлі де бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында биыл көгілдір отынның игілігіне қол жеткізетіндердің қатарында «Наркескен» спорт клубы мен аудандық кітапхана бар. «Қыстың қамын жаз ойла» деген тәсілді ойдан шығармайтын өңір басшысы аталған нысандардың алдағы жылу маусымына дайындығын тексерді.

Аудандық кітапхана ғимаратын көгілдір отынға қосу жұмыстарының бүгінде 95 пайызы аяқталған, мердігер мекеме өкілі Бауыржан Қайырлаповтың берген уәдесі бойынша тамыздың 6-сына дейін жұмыстар

толық аяқталады. Ал «Наркескен» спорт клубы бойынша жұмыстарды тамыздың 15-іне дейін тәмамдауға уәдесін берді. Аудан әкімі өз кезегінде жауапты мердігерге «жылдам тапсыру керек екен» деп жұмысты сапалық істеуден аулақ болуды қатаң тапсырды.

Жаңа оқу жылының басталуына да санаулы күндер қалды. Осы ретте Асқарбек Темірбекұлы Эл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейінің жаңа оқу жылына дайындығына шолу жасады. Сыйымдылығы 1076 орындық 3 қабатты мектеп типтік жобадан салынған. Былтыр білім ошағында 934 оқушы білім алды. Мектепалды даярлық тобында

75 бала қамтылды. Мектеп ғимаратының сырты биыл 3,5 млн теңгеге боялып, жаңаланған. Ал жылу беру маусымына дайындығына тоқталсақ, мектеп суына 2 дана жылу қазандығын алып, орнатқан. Сондай-ақ мектепте әр сыныпқа оқушының керек оқу құралдарын қоятын сөрелер қойылған.

Аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Садықовтың айтуынша, барлық білім ошағы жаңа оқу жылына сақайда сай. Аудан бойынша 1000-нан аса оқу партасы, 250 дана такта, оның ішінде сенсорлы тақтасы бар жаңадан сатып алынған. Аудан әкімі жауапты қызметкерлеріне тағы да

білім ошақтарының жаңа оқу жылына дайындығын мұқият пысықтап шығуды тапсырды.

Өздеріңізге белгілі Дәуімбай елді мекенінде халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына 50 тұрғын үйдің құрылысы басталған болатын. Сапар барысында Асқарбек Темірбекұлы іргетасы қаланған әрбір үйді жеке-жеке аралап, құрылыс жұмысымен танысты. Бүгінде 26 тұрғын үйдің қабырғасы қаланып, іргетасы құйылған. Алдағы уақытта 18 үйдің құрылысы басталмақ. Бұйырса, күзде дайын үйлерді сатуға шығару жоспарланған. Ауданы 60 шаршы метр болатын тұрғын үйлердің сапасы көңіл көншітеді, еңсесі биік, іші кең, ауыз су мен көгілдір отын да келіп тұр.

Өңір басшысы Ақсу ауылына кіреберіс жолдың жай-күйімен де танысты. Иә, Ақсу ауылының аудан орталығымен байланыстыратын автомобиль жолы тозығы жетіп, талай жылдан бері жөндеу жұмыстарын қажет етіп келген болатын. Осыған

байланысты биыл бюджеттен қаржы бөлініп, жазда жөндеу жұмыстары басталып кетті. Дегенмен мердігерлер тарапынан олқылықтар туындап, жұмыс барысы ақсулықтардың көңіл күйін түсіргені жасырын емес. Бір қуантарлығы, аудан әкімі туындаған мәселені дереу жеке бақылауына алып, аз уақыттың ішінде оң шешімін тапты. Бүгінде жөндеуі керек 2,33 шақырымға толықтай асфальт жабындысы төселген. Жол бойы төп-тегіс, ең бастысы, бұрынғы ой-шұңқырлар жоқ. Мердігердің айтуынша, осы аптаның соңына дейін жол жөндеу жұмысы 100 пайызға орындалатын болады.

Аудан әкімі Асқарбек Есжанов жалпы-сапар барысында қамтылған барлық нысандар бойынша жауапты мердігерлер мен тиісті сала басшыларына құрылысты уақытында аяқтап, сапасына жауапкершілікпен қарауды жүктеді.

Жандос ЖАЗКЕН

Аймақ жаңалықтары

«Ауыл аманаты»: Құжаттар қабылдануда



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДА «БАЙҚОҢЫР» ӘКК» АҚ «АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫ БАСТАДЫ. ЖОБАҒА ҚАТЫСУҒА НИЕТТІ АЗАМАТТАР ҚАЛА, АУДАНДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ НЕМЕСЕ КӘСІПкерлік ЖӘНЕ Өнеркәсіп бөлімдеріне ҚҰЖАТТАРЫН ТАПСЫРА АЛАДЫ.

Жоба аясында ауылдық елді мекендер мен шағын қалалардағы жеке кәсіпкерлер 2,5 мың АЕК-ке, яғни 8,6 млн теңгеге дейін, ал ауыл шаруашылығы кооперативтері 8 мың АЕК-ке немесе 27,6 млн теңгеге дейін несие ала алады. Жылдық сыйақы мөлшерлемесі – 2,5 пайыз. Жеңілдетілген несие мал шаруашылығындағы жобаларға 7 жылға, бизнестің өзге де бағыттары үшін 5 жылға беріледі. Кепілмүлікке тұрғын үй, пәтер, тұрғын емес ғимараттар, несие сомасы өтелмеген жағдайда қосымша кепіл ретінде жылжымалы мүлік және жер телімі қабылданады. Жеңілдік кезеңі несие мерзімінің 1/3-нен аспайды. Несие ауыл шаруашылығы кооперациясы, ауыл шаруашылығы тауарларын өндіру, өңдеу және жаңа өндеу, егін шаруашылығы, мал шаруашылығы (құс, балық, ара және мал шаруашылығы), бизнестің өзге де бағыттарындағы жобаларға беріледі.

Жеке кәсіпкер жобаға қатысу үшін тізімге сәйкес толық құжатты жергілікті әкімдікке өткізеді. Жергілікті әкімдік құжаттың толықтығын тексеріп, «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясына жолдайды. «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы құжаттарды қарауға алып, салалық қорытындылар жасап, шешім қабылдау үшін Несие комитетіне ұсынады. Содан кейін несие комитетінің оң қорытындысын алған жағдайда, кепілге қойылатын мүлікке тәуелсіз бағалау жасалады. Келісім-шартқа қол қойылып, ұсынылған кепіл уәкілетті органдарда тіркеуден өткізіледі. Осы рәсімдерден кейін қарыз беру жүзеге асырылады.

Бизнес жоспар әзірлеу үшін Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасы мен Бизнеске арналған үкімет мекемесіне хабарласуға болады.

«ЖЖ» ақпарат

Егінжай – 2023

БҰҚАРБАЙ БАТЫР АУЫЛЫНДАҒЫ «СЫРЛЫБАЙ АТА» ФЕРМЕРЛІК ҚОЖАЛЫҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДА ӘР ЖЫЛДЫ ТАБЫСТЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАП КЕЛЕДІ. ЖЫЛ САЙЫН 200 ГЕКТАР АЛҚАПҚА СЫР САЛЫСЫН СЕБЕТІН ЕҢБЕК ҰЖЫМЫ БИЫЛ ДА МЕЖЕЛІ ЖЕРГЕ КҮРІШ ЕГІПТІ. ҚАЗІРДІҢ ӨЗІНДЕ СЫРДЫҢ БАСТЫ ДАҚЫЛЫ БАС АЛЫП ТҰР.

Шаруашылық төрағасы Мәулен Ибраев аяқ су мәселесіне қарамастан мұндағы ауыл еңбеккерлері межелі өнімге қол жеткізуге қарқынмен етіп жатқанын айтады. Сөзінше, инвестор бұл тығырықтан шығатын амал тауып, жұмысшыларға бар жағдайды жасап қойыпты.

– Аяқ су қазір жерге дән тастаған кез келген шаруашылық ұжымына оңай тиіп жатқан жоқ. Биыл мәселенің күрделенгенін ел жақсы біледі. Бізге де бастапқыда оңай болған жоқ. Алайда инвестор бізге бар жағдайды жасап отыр. Техникамыздан ақау табылса, оның орнын заманауи үлгідегі жаңа техника басады, ерте көктемде тұқымның жоғары сұрпы керек десек, одан да мәселе болмайды. Бір сөзбен айтқанда, қаражаттан, еңбек өнімділігін арттыратын құрал-саймандан ешқандай мәселе жоқ, тек еңбек ету керек, себебі қолдау басым. Уақыт өте аяқ су мәселесі қиындай түсті. Инвесторға айтқанымыз сол еді, дереу сусорғыш насос алып берді, қазіргі таңда алқалты жағалай аққан каналдан осы насос арқылы күрішсізді суарып отырмыз. Былтыр өнім жаман болған жоқ, биыл да межелі өнімге қол жеткізіміз деген ойдамыз, – дейді төраға.

Мәкең отызды енді еңсерген өзіміз сияқты жас азамат екен. Алайда күріштің күтіміне қажетті айтқан деректеріне қарасаң, салада 45-50 жылдық тәжірибесі бар көңігі диқан іспетті. Көктемде сепкен тұқымнан мол астық алу үшін оны себемін дегенше алқалты қалай сүдігерлеу керек, егістің тегістігі қандай маңызға ие, күрішті қырықнан шығару, оларға өлшеммен берілетін тыңайтқыштар, бөрі-бөрі төрағаға таңсық дүние емес. Міне, осыдан кейін «жастардың қолынан шаруаны ширату көлмейді» деп айтып көріңіз. Көп жерде ауызына абай болмасаң, мұндай білікті азаматтар өзінді оқытып жіберуге өзір



Шаруасы шираған ұжым

тұр. Себебі салада жиған тәжірибесі, алажаздай аптап ыстықта атыз басында өткен еңбек, төккен тер бар. Міне, мұндай үлкен бейнетті еңсермесе, төрағаның сөзі де бұлай болмас еді.

Шаруашылық биыл тағы да 200 гектар алқалқа күріш өккен. Мұнан бөлек 50 гектар жоңышқасы тағы бар. Бүгінде Сырдың басты дақылды бас алып тұр. Бұйырса, айдың аяғында болмаса қыркүйектің алғашқы онкүндігінде егінге орақ салуды жоспарлап отыр. Өзірге 200 гектар күріштің күтіміне осындағы 5 диқан жауапты. Олар да аптап ыстыққа қарамастан егіс басынан кеткісі жоқ. Еңбекке адал ауыл азаматтарының қара жұмысына қарап көз сүйсінеді.

Негізі, кез келген істің ширауына бір қолдаудың басты себеп болатынын жақсы білеміз. Мұндағы жұмыстың ширауына да инвестор тарапынан көрсетілген қолдау сеп болыпты. Қазіргі таңда шаруашылықта 10 адам жұмыс жасада, шаруашылықта орташа жалақысы 170-180 мың теңгені құрайды. Ал ең төменгі жалақы – 150-160 мың теңге. Мұнан бөлек ауыл еңбеккерлері «Алтын күз» мерекесінде жыл сайын қаржылай сыйақыдан құр қалмайтын көрінеді. Ал ең жоғары өнім алған диқандарға темір

тұлпар табыстауды инвестор дәстүрге айналдырған.

– Иә, қолдау бар, оны сөзімнің басында да айтқанмын. Соған сай еңбек ұжымы қажырлы жұмыс жасап жатыр. Техникадан мәселе жоқ, механизаторлардың барлығының астында соңғы үлгідегі заманауи техникалар. Сондықтан біз күріштің толық пісіп-жетілуіне басымдық береміз, себебі алажаздай баптаған өнім жауын-шамынға ысырап болады деген уайым жоқ, – дейді, Мәулен Ибраев.

Айта кетейік, «Сырлыбай ата» шаруа қожалығы жыл сайын бақша саламын деген ауыл азаматтарына арнайы жер ашып береді. Оны сүдігерлеп, қоршап, тіпті аяқ суға дейін тартып береді. Тек ауыл тұрғындары екен өнімнің күтіміне жауапты. Биыл да шаруашылық 2 гектар бақшалық жер ашыпты. Қазіргі таңда онда ауылдағы 15 отбасы бақша салып, қауын-қарбыз, картоп, асқабақ, қызылша, сәбіз, қызанақ секілді өнім өккен.

– «Сырбай ата» шаруа қожалығы жыл сайын елдің бақша салуына арнайы жер ашуды дәстүрге айналдырды. Оның игілігін көріп отырған тұрғынның бірі – өзім. Біз жылда базардан картоп-

сәбіз, асқабақ, қызанақ секілді бақша өнімдері мен көкөністерді сатып алмаймыз. Алажаздай осында бұл өнімдерді баптап, күзде жинап аламыз. Тіпті артығын сататын кездеріміз де болды. Биыл да шаруашылық ашқан жерге бақша ектік. Шығымы өте жоғары. Себебі шаруашылық аяқ суды пайдалануда кездесетін барлық мәселені шешіп берді. Биыл да жақсы өнім аламыз, өздері де кәсіпін деңгелентіп, елдің де егін егуіне жағдай жасап отырған шаруашылыққа алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Қазір осында өзіміз секілді тағы 14 отбасы бақша өнімдерін егіп отыр, – деді ауыл тұрғыны Ғалымжан Сүлейменов.

Шаруашылық 2019 жылдан бері күріштің «Лидер» және «Яньтар» сұрпын егеді. Бірақ биыл тек «Лидер» сұрпын сүйіпті. Себебі ол өнімділікті арттырады екен. Өзірге алқалтағы күріштің шығымы бітік. Ауыл азаматтарына да жағдай жасап, жыл сайын саланы оң нәтижемен қорытындылап көле жатқан еңбек ұжымы биыл да межелі өнімге қол жеткізеді деген сенімдеміз.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Брифинг

Салықтық түсімдерде өсім бар



ЖАЛАҒАШ АУДАНЫНДА 2023 ЖЫЛДЫҢ ШІЛДЕСІНЕ ДЕЙІН 427 ЗАҢДЫ ТҰЛҒА, 2 676 ДАРА КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТІСІ, 2 СОТ ОРЫНДАУШЫ, 3 ЖЕКЕ НОТАРИУС, 1 АДВОКАТ ЖӘНЕ 409 ШАРУА ЖӘНЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІ РЕТІНДЕ ТІРКЕЛГЕН. БҰЛ КӨРСЕТКІШ ЖАЛПЫ ХАЛЫҚ САНЫНЫҒЫ 11 ПАЙЫЗДЫҢ ҚҰРАЙДЫ. АЛТЫ АЙДА МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТКЕ 1 МЛРД 271 МЛН 149 МЫҢ ТЕНГЕ БОЛЖАМДАЛЫП, 1 МЛРД 451 МЛН 777 МЫҢ ТЕНГЕ ТҮСІМ ТҮСКЕН. ОСЫЛАЙША БОЛЖАМ 180 МЛН 628 МЫҢ ТЕНГЕГЕ АРТЫҚ ОРЫНДАЛЫП ОТЫР. БАҚ ӨКІЛДЕРІМЕН ӨТКЕН БРИФИНГТЕ АУДАН БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ РУСЛАН БАЙҒАЗИЕВ ОСЫЛАЙ ДЕДІ.

– Мемлекет халқының өмір сүру тепе-теңдігін қалыптастыру мақсатында өз бюджеті бекітіліп, «ортақ қазаны» құрылады. Бұл қазанға түсетін қаражаттың мол үлесі «салық саласынан» молаяды. Қазақстан Республикасы Конституциясының 35-ші бабында «Заңды түрде белгіленген

салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы әрі міндеті болып табылады» деп көрсетілген. Мемлекет басшысының қолдауымен бүгінде ұлт болашағы үшін бірқатар істер жүзеге асырылуда. Оның ішінде елімізде бюджет саласы мен салықтық базаны

ұлғайтуда айтарлықтай жұмыстар атқарылып келеді. Басқарма тарапынан атқарылған жұмыстар нәтижесінде 2023 жылдың алғашқы жартыжылдығымен бекітілген бюджет жоспары артығымен орындалып, нәтижелі көрсеткішпен аяқтадық, – деді басқарма басшысы.

Спикердің сөзінше, республикалық бюджетке 619 млн 497 мың теңге болжамдалып, 441 млн 317 мың теңге түскен, яғни болжам 178 млн 180 мың теңгеге кем. Бір сөзбен айтқанда, 72 пайызға орындалған. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда түсім 234 млн 156

мың теңгеге артық. Өсу қарқыны 213 пайызды құрайды.

Руслан Жақсылықұлы жергілікті, яғни аудандық бюджетке 651 млн 652 мың теңге болжамдалып, 1010460 мың теңге түсім түскенін айтады. Болжам 358 млн 808 мың теңгеге артық. Яғни 155,1 пайызға орындалған. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда түсім 90 млн 228 мың теңгеге артық түсіп, өсу қарқыны 110 пайызды құрады.

Басқарма басшысы салық базасын ұлғайту, қосымша кіріс көздерін анықтау бағытындағы атқарылған жұмыстарды да назардан тыс қалдырмады. Сөзінше, салық базасын ұлғайту мақсатында 2023 жылдың I жартыжылдығында қосымша бюджетке төленетін кіріс көздерін іздестіру мақсатында, камералдық бақылау, салықтық есептіліктерге талдау, салық төлемгерлермен әңгімелесу, түсіндірме жұмыстарын жүргізу, уәкілетті органдар тапсырып отырған мәліметтерге салыстырмалы жұмыстар жүргізу нәтижесінде республикалық бюджетке жалпы қосымша 10 салық төлеушіге хабарлама беріліп, салық төлеушілер тарапынан қосымша салық есептілігі тапсырылған. Нәтижесінде бюджетке 197 млн 573,5 мың теңге түсім түскен.

Спикер мұнан бөлек жергілікті бюджетке қосымша 14477,9 мың теңге түскенін айтады. Атап айтқанда, жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша талдау жұмыстарын жүргізу нәтижесінде 2021-2022 жылдары 24 салық төлеушіге хабарлама беріліп, салық төлеушілер тарапынан қосымша салық есептілігі тапсырылған. Соның арқасында бюджетке 12402,4 мың теңге төленген.

– Заңды және дара кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық бойынша 1431 мың теңге қосымша салық берешегі бюджетке түсірілді. Мұнан

бөлек жарнама бойынша 644,5 мың теңге түсірілді. Жылдың бір жартыжылдығында камералдық бақылау нәтижесімен өңір бойынша бюджетке салықтар түсуінің қалыптастырылған хабарламалары бойынша жалпы құны 317827,6 мың теңгеге хабарламалар өңделіп, төлем тапсырмасымен өндірудің жалпы құны 190776,5 мың теңгені құрады, яғни 60 пайызға орындалып, бюджетке төленді, – деді Руслан Байғазиев.

Спикер аудан бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерден 21329,8 мың теңге салық бересі болғанын айтады. Ал салық берешегі 25218,8 мың теңгені құраған. 2023 жылдың шілде айына дейін салық бересі 3344,6 мың теңгеге жетсе, салық берешегі 4268,2 мың теңгені құрады. Бересі 17985,2 мың теңгеге немесе 84 пайызға азайған.

Ауданда жеке тұлғалар бойынша салық бересі – 6147,1 мың теңге, ал салық берешегі 8479 мың теңге болса, 2023 жылдың шілде айына дейін салық бересі 10327,7 мың теңгені, салық берешегі 13056 мың теңгені құрады. Яғни бересі 4577 мың теңгеге көбейген. Бұның ішінде жеке тұлғалардың көлік салығы бойынша жыл басына салық бересі – 5571,1 мың теңге, салық берешегі – 7713,3 мың теңге. 2023 жылдың шілде айына дейін салық бересі 9450,1 мың теңгені, салық берешегі 11803,7 мың теңгені құрады. Яғни бересі 4090,4 мың теңгеге 2022 жылға есептелген салықтар себебінен көбейген.

Брифинг соңында Руслан Байғазиев БАҚ өкілдерінің бірқатар сауалын да жауапсыз қалдырмады. Сондай-ақ ол жергілікті бюджетке түсімдер көлемінде есім қалыптастыру мақсатында тиісті жұмыстар атқарылатынын жеткізді.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Жалағаш жылу беру маусымына дайын

ҚАЗІР ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН ЖАЗ ОЙЛАМАСҚ, ТАҒЫ БОЛМАЙДЫ. БҰҒАН КЕШЕГІ ЕКІБАСТҰЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ ДӘЛЕЛ БОЛАРЫ АНЫҚ. ҚАҚАҒАН ҚЫСТА ҚАРАПАЙЫМ ХАЛЫҚ ЖЫЛУСЫЗ ҚАЛСА, ЕЛДІҢ АЛДАҒЫ ЖЫЛУ МАУСЫМЫН УАЙЫММЕН ӨТКІЗЕТІНІ ТАҒЫ ДА АНЫҚ. СОНДЫҚТАН МҰНДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ҮШІН ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ АЛДАҒЫ ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚТЫ БҮГІННЕН БАСТАП КЕТТІ. ЖАЛАҒАШ АУДАНДЫҚ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ, ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІ ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ БӨЛІМІ БАСШЫСЫ ҒАБИТ ЕРБОЛҰЛЫМЕН ХАБАРЛАСҚАНЫМЫЗДА ҚАЗІРДІҢ ӨЗІНДЕ АУДАН АЛДАҒЫ МАУСЫМҒА ДАЙЫН ЕКЕНІН АЙТТЫ.

Ауданда жылытылатын 99 әлеуметтік, бюджеттік нысан бар. Әлеуметтік нысандардың 30-ы сұйық отынмен, 39-ы қатты отынмен, 10-ы газбен, 2-еуі электр қуатымен жылытылады.

Алдағы жылу беру маусымына барлық әлеуметтік және басқа да бюджеттік нысанның сұйық отын қажеттілігі 2077, қатты отын қажеттілігі 2900 тоннаны құрайды. Бүгінге дейін нысандарда 28 тонна сұйық отын, 81 тонна қатты отын бар. Сонымен қатар 276 тонна сұйық отынға, 1429 тонна қатты отынға келісім-шарт жасалды.

Қазіргі таңда 75 әлеуметтік нысан жылу беру маусымына дайын. Аудан тұрғындарына қатты отын қажеттілігі 9000 тоннаны құрайды. Қазіргі таңда 350 тонна қатты отын былтырғы жылу маусымынан қалып, тұрғындардың өз қоймаларында сақталған. Аудан тұрғындарына жеке кәсіпкерлер 9000 тонна көмірді тамыз айынан бастап жеткізіп беруді жоспарлап отыр.

Ғабит Ерболұлы тұрғындар үшін қажетті көмірді уақытылы жеткізіп және көмірдің бағасын негізсіз өсірмеу мақсатында кәсіпкерлермен меморандум жасалғанын айтады. Сонымен қатар көмірді сату жүзеге асырылатын тауарлық биржалар мен оларға қарасты брокерлердің тізімдері кәсіпкерлерге ұсынылған. Қазіргі таңда жеке кәсіпкерлермен көмірді делдалсыз сатып алу мақсатында брокерлер арқылы көмір разрездерімен келісім-шартқа отыру бағытында жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Ауданға газ келгелі жергілікті халық көгілдір отынның игілігін көріп отыр. Биыл Ұлттық қордан «Наркескен» спорт клубының қазан-

дығын газға көшіруге 14,4 млн теңге, аудандық кітапхананың қазандығын газға көшіруге 11,1 млн теңге бөлінді. Мемлекеттік сатып алу қорытындысымен екі нысан бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарына мердігер мекеме болып «Компания Газ Строй» ЖШС анықталды. Мердігер мекемемен 14,6 млн теңгеге және 11,2 млн теңгеге келісім-шарт жасалған.

№123, 246 мектептердің қазандығын газға көшіруге жобалау-сметалық құжаттар әзірлеу үшін облыстық бюджеттен 7,2 млн теңге қаржы бөлінді. Мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің қорытындысымен «Проект Сервис» ЖШС жеңімпаз болып танылып, 10.06.2023 жылы келісім-шарттар жасалып, жұмыстар жүргізілуде. Ақсу, М.Шәменов елді мекендерін газдандыру жұмыстарына бастауға облыстық бюджеттен 40 млн теңге қаржы бөлінді. Құрылыс-монтаждау жұмыстарына мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің қорытындысымен «А3S and Limited» ЖШС-мен келісім-шарт жасалды. Келісім-шарт құнына келсек, Ақсу 19128 мың теңге, М.Шәменов 19128 мың теңгені құрайды. Техникалық қадағалау қызметіне мемлекеттік сатып алу рәсімдері өтуде. 2023 жылдың 20 шілдесіне Жалағаш кентіндегі 2 561 тұрғын үй (80,9 пайызы) орталықтандырылған газ желісіне қосылып, газ отынын пайдалануда (Жалағаш кентіндегі тұрғын үй саны 3164).

Жалағаш ауданында білім саласы бойынша барлығы 23 нысан бар. Оның ішінде 20 мектептің 17-сі сұйық отынмен, 2-еуі қатты отынмен (№31, 188 мектептер), 1 мектеп (№2084 мектеп) газбен жылытылады. Мектептерге жылу беру маусымына



сұйық отын қажеттілігі 1581 тонна, қатты отын қажеттілігі 544 тоннаны құрайды (№31 мектеп – 280 тонна, №188 мектеп – 264 тонна). Биыл мектептерге сұйық отынға 464,5 млн теңге, қатты отынға 9,5 млн теңге бөлінді. 1116 тонна сұйық отынға (360,1 млн теңгеге) жеткізіп берушілермен келісім-шарт жасалып, одан бүгінге дейін 932 тоннасы алынған.

Қазіргі таңда мектептерде 11 тонна сұйық отын қоры бар және 184 тонна сұйық отын келісім-шарт бойынша алашақ. Сұйық отын сатып алуға 99 млн теңге қаржысы бар, 2024 жылдың 15 қаңтарына дейін 380 тонна сұйық отын сатып алуға қосымша 136 млн теңге қаржы қажет. Мектептерге 543 тонна қатты отынға (9,5 млн теңгеге) келісім-шарт жасалып, одан бүгінге дейін 25 тонна алынған, 518 тоннасы енді алынады.

«Ақтерек» лагеріне сұйық отын қажеттілігі 9 тоннаны, Оқушылар үйіне 22 тоннаны құрайды. «Ақтерек» лагеріне сұйық отын сатып алуға 3 млн теңге, Оқушылар үйіне 7,7 млн теңге қаржысы бар.

Индустриалды-аграрлық колледжде қатты отын қажеттілігі 267 тоннаны құрайды. Бүгінге дейін 8 тонна қатты отын қоры бар немесе қажеттіліктің 3 пайызы болып отыр. Бүгінге дейін барлық нысандар жылу беру маусымына дайын.

Аудандағы 10 балабақшаның 6-ауысұйықотынмен, 1 нысан («Арай» балабақшасы) қатты отынмен, 3 нысан (Ақмаржан, Күн шуақ, №19 санаториялық балабақша) газбен жылытылады. Балабақшаларға жылу беру маусымына сұйық отын қажеттілігі 226 тонна, қатты отын қажеттілігі 43 тоннаны құрайды. 2023 жылы сұйық отынға 65,6 млн теңге, қатты отынға 720 мың теңге қаржы қаралған. 145 тонна сұйық отынға (44,8 млн теңгеге) келісім-шарт жасалып, одан 91 тоннасы алынған. Балабақшаларда 7 тонна сұйық отын қоры бар және 54 тонна сұйық отын келісім-шарт бойынша алашақ. «Арай» балабақшасында 8 тонна қатты отын қоры бар және келісім-шарт бойынша 27 тонна қатты отын алашақ. Барлық балабақша жылу беру маусымына дайын.

Мәдениет саласы бойынша 20 нысанның 3-еуі сұйық отынмен, 14 нысан қатты отынмен, 2 нысан газбен, 1 нысан электр қуаты арқылы жылытылады. Мәдениет нысандарына жылу беру маусымына сұйық отын қажеттілігі 46 тонна, қатты отын қажеттілігі 939 тоннаны құрайды. 2023 жылы сұйық отынға 16,9 млн теңге, қатты отынға 16,8 млн теңге қаржы бөлінген. 45 тонна сұйық отынға (13,4 млн теңгеге) келісім-шарт жасалып, одан 37 тоннасы алынған. Қазіргі таңда нысандарда 2 тонна сұйық отын қоры бар және

келісім-шарт бойынша 8 тонна сұйық отын алашақ, 931 тонна қатты отынға (16,8 млн теңгеге) келісім-шарт жасалып, одан 512 тоннасы алынған. Бүгінге дейін нысандарда 58 тонна қатты отын қоры бар және 419 тонна қатты отын келісім-шарт бойынша алашақ.

Биыл аудандық кітапхананың қазандығы газға көшіріледі. Бүгінге дейін аудандық кітапханадан, Мәдениет ауылдық клубынан басқа нысандар жылу беру маусымына дайын. Аудан бюджетінен қаржыландырылатын басқа да мекемелердің жылу беру маусымында сұйық отын қажеттілігі 154 тонна, қатты отын қажеттілігі 117 тоннаны құрап отыр. 2023 жылы сұйық отынға 33,1 млн теңге, қатты отынға 2,4 млн теңге қаржы бөлінген. 98 тонна сұйық отынға (29,7 млн теңгеге) келісім-шарт жасалып, одан 71 тоннасы алынған. Қазіргі таңда нысандарда 2 тонна сұйық отын қоры бар және 27 тонна сұйық отын келісім-шарт бойынша алашақ. 37 тонна қатты отынға (699,0 мың теңгеге) келісім-шарт жасалып, оның 20 тоннасы алынған. Нысандарда 4 тонна қатты отын қоры бар және 17 тонна қатты отын келісім-шарт бойынша алашақ. Аудандағы денсаулық сақтау саласына қарасты 19 нысанның 3-еуі (аудандық аурухана, жұқпалы аурулар бөлімшесі, аудандық емхана) газбен, 16 нысан қатты отынмен

жылытылады. Нысандарға жылу беру маусымына қатты отын қажеттілігі 770 тоннаны құрап отыр.

Биыл Жалағаш ауданында қатты отынға 15,2 млн теңге қаржы қаралды. 760 тонна қатты отынға (15,2 млн теңгеге) келісім-шарт жасалып, одан 340 тоннасы алынды. 420 тонна қатты отын келісім-шарт бойынша енді алынады. Бүгінге дейін Мәдениет, Мақпалкөл дәрігерлік емханаларынан, Жаңақоныс медпунктінен басқа нысандар жылу беру маусымына дайын.

Спорт саласы бойынша 9 нысанның 2-еуі сұйық отынмен, 5-еуі қатты отынмен, 1 нысан электр қуатымен, 1 нысан (бассейн) газбен жылытылады. Спорт нысандарына жылу беру маусымына сұйық отын қажеттілігі 39 тоннаны, қатты отын қажеттілігі 220 тоннаны құрайды. Қазіргі таңда нысандарда 6 тонна сұйық отын қоры бар және 3 тонна сұйық отын келісім-шарт бойынша алашақ. 3 тонна қатты отын қоры бар және 28 тонна қатты отын келісім-шарт бойынша алашақ. Биыл «Наркескен» спорт клубының қазандығы газға көшіріледі. Бүгінге дейін «Наркескен» спорт клубынан басқа нысандар жылу беру маусымына дайын екен.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

ЖОБА

Жалағаш аудандық мәслихатының шешімі

2023 жылға Жалағаш ауданы бойынша кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 10-3-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 наурыздағы № 166 «Кондоминиум объектісін басқаруға

және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстар сметасын есептеу әдістемесін, сондай-ақ кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20284 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Жалағаш аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. 2023 жылға кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшері бір шаршы метр үшін айына 7,19 теңге сомасында бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жалағаш аудандық мәслихатының төрағасы
Ө.Елеусинов

ПРОЕКТ

Решение жалагашского районного маслихата

Об утверждении минимального размера расходов на управление объектом кондоминиума и содержание общего имущества объекта кондоминиума по Жалагашскому району на 2023 год

В соответствии с пунктом 1 статьи 10-3 Закона Республики Казахстан «О жилищных отношениях», с подпунктом 15 пункта 1 статьи 6 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», приказом исполняющего обязанности Министра индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан от 30 марта 2020 года № 166 «Об утверждении Методики расчета сметы расходов на управление объектом кон-

доминиума и содержание общего имущества объекта кондоминиума, а также методики расчета минимального размера расходов на управление объектом кондоминиума и содержание общего имущества объекта кондоминиума» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 20284), Жалагашский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Утвердить минимальный размер расходов на управление объектом

кондоминиума и содержание общего имущества объекта кондоминиума на 2023 год в сумме 7,19 тенге за один квадратный метр в месяц.

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Председатель Жалагашского районного маслихата
У.Елеусинов

ҚҰЖАТ

Тарих

Текті тұлға Текей батыр

ЕҢСЕГЕЙ БОЙЛЫ ЕРЛЕР МЕН АУЗЫ ДҰАЛЫ БИ-ШЕШЕНДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ РУХ ЖОЛЫНДАҒЫ ҚАЖЫР-ҚАЙРАТЫ БҮГІНГІ ҰРПАҚҚА БАҒДАР БОЛАРЫ БЕЛГІЛІ. БАБАЛАРДЫҢ ӨНЕГЕЛІ ІСІ МЕН ӨМІРШЕҢ СӨЗДЕРІН ТАНЫП, ТАЛДАП, КЕЛЕШЕККЕ АМАНАТТАУ ДА ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮКТЕЙДІ. КӨПТЕГЕН ТАРИХШЫ-ҒАЛЫМДАР МЕН ҚАЛАМҒЕРЛЕР БҰЛ БАҒЫТТА ЕСЕЛІ ЕҢБЕК ЕТІП, ТҰЛҒАЛАР ЕСІМІН ЖАҢҒЫРТУДА. ҚАРПЫҚҰЛЫ ТЕКЕЙ БАТЫРДЫҢ ДА ЕСІМІ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМНЫҢ ЖІТІ НАЗАРЫНА ІЛГІП, БІРШАМА ЗЕРТТЕУГЕ ТҮРТКІ БОЛДЫ.

Текей Қарпықұлы – елдік жолында батырлықтың үлгісін көрсетіп, Тәуке ханның бас батыры болған даңқты тұлға. 1680-1715 жылдары билікке келген Әз Тәуке халықтың мамыражай тірлік кешуіне күш салып, сыртқы-ішкі тұрақтылықты қамтамасыз етуге басымдық берген. Осы бағытта Ата Заңға арқау болған «Жеті жарғыны» қалыптастырып, бейбіт күнге жол ашқан қадам жасады. Әсіресе ханның бас батыры Текей Қарпықұлының сіңірген еңбегі де ұшан-теңіз. Оған жергілікті аңыз-әңгімелер мен хатқа түскен ақпараттар нақты дәлел бола алады.

Бірде Текей батыр Жетірудағы Керейтің батыры Бидаспен бірге жорыққа аттанбақшы болады. Алайда қос батыр тым жас болғандықтан әскербасылар оларды елде қалдырады. Содан Текей мен Бидас батыр жорыққа аттанған хан әскерінің соңынан жасырынып жолға шығады. Жасақ соңынан келе жатқан екі батыр алып айдаһарға тап болады. Айдаһар таудан асып өтетін жолды бөгеп, адамды, аң-құс, малды жұтып жатқан көрінеді. Ал ұзап кеткен әскерге жылдам жетудің жалғыз тәсілі – айдаһар бөгеп жатқан жолмен өту. Әйтпесе әскерден көз жазып қалуы ықтимал. Сонда өзінен бірер жас кішілігі бар Бидасқа Текей: – Бидас бауырым, айдаһарға мен барайын. Жол менікі ғой. Сен менің атымды ұстап, осы жерде қал – деп, қолына қылышын алып, жүріп кеткен екен. Текей батыр ұзақырап кетіп, артына бұрылып тағы да: – Бидас, мен жақтан бұрқырап шаң көрінсе көлерсің, көрінбесе жолды айналып өтерсің, – дейді. Аңыз бойынша Текей айдаһармен алысып, оны шауып өлтірген екен. Сол кезде жас батыр кеткен жақтан бұрқыраған шаң көтеріліпті. Текейдің атын жетегіне алып, шауып жеткен Бидас Текей досын топыраққа жартылай кемілген жерінен аршып алады. Сөйтсе алып айдаһар жантөсілім етерде құйрығымен жер сабап, Текей батыр бұрқыраған топыраққа кеміліп қалған екен. Осылайша екі дос алғашқы батырлық қадамын жасайды.

Алып айдаһардың басын кесіп алған Текей батыр Бидас досы екеуі қаруластарына аман-есен қосылып, жау қамалына да алдымен кірген жауынгерлер қатарында болады. Содан жауды жеңген қуаныш үстінде Текей батыр мен Бидас екеуі ханға тау асуындағы айдаһардың басын көрсетеді. Сол сәтте мерейі тасыған хан екі жас батырға: – Тұтқынға түскендердің арасында екі сұлу қыз бар, әйелдікке алыңдар, – деген екен.

Бұл тек ел аузындағы әңгіме емес, шекірге бергісіз көркем шығармаларда да нақтыланған. Мысалы, Сыр бойына белгілі қаламгер-шекіреші Түйімбетов Майдан «Жетіру Керейт шекіресі» атты көлемді еңбегінде Текей батыр жайлы ержі-тегілейі айтып өтеді. Ал Шеғбай Бектасұлы болса, «Би-батырларды жырлаймын» атты толғауында батыр туралы былайша сыр шертеді:

«...Енді бөрмен келейін,
Қарлықтың ұлы Текейге.
Айдаһардың таудағы,
Басын кесіп өрлеген.
Уақытында тақымын,
Қалды ма жан көрмеген» деп жырға қосады.

Текей батыр туралы жазба деректердегі мәлімет мұнымен шектелмейді. Тіпті Б.Ахметбектің «Сыр бойының батырлары» атты еңбегінде Текей батырдың әкесі Асанұлы Қарпықтың (XVII ғасыр) ерлік жолы мен даңқты және Қарпықтың үлкен ұлы Құдайыназардың қайсарлығы кеңінен суреттеліп, баяндалған. Оған қоса Текейден тараған Абақанның, одан кейінгі балалары Ақбөбек пен Кегеннің де ел қорғаған батырлар болғаны нақты айтылады.

Халық аузында батырдың ұрпақтары туралы біршама аңыз-әңгімелер сақталған. Соның ішінде Текейұлы Кеген батыр көп айтылады. Мысалы, Жалағаш өңірін зерттеуге үлес қосқан ғалым Ахмет Тілеулиев бір сөзінде Жосалы қонысындағы бір ақсақалдан естіген мына бір қызық аңызды мысалға келтіреді.

«Бұқарбай батырдың ауылының жігіттері сарбаздардың ас-ауқатына арнап сойылатын жылқы, ірі-қара малды Қарақұмға айдап бара жатады. Олар жолда Алтын, Кете, Қаратамыр ауылдарының үстімен өткенде малдарына бірнеше бөтен мал қосылған екен. Малға қарап жүргендер 13-14 жастағы балалар көрінеді. Сол балалар шырылдап, батыр ауылының малдарына қосылған өз малдарын айыра алмай әлекке түсе бастайды. Олардың асып-сасқан қылықтарын тамашалап тұрған Бұқарбай батыр ауылының бір жігіті дауыстап: «Әй, балалар, соншама неге шуылдайсыңдар, көп болса бір-екі тай-торпақтарың батырдың ауылының малына қосылар» дейді. Сонда оған жалт қараған көзі өткір бір бала: «Батырдың алдына мал салып беретін біз оған берешек емеспіз» дейді. Сонда әлгі баланың тайсалмай айтқан сөзіне жігіттердің бірі шамданып, қамшы үйірмекке ұмтылса, оны басқалары тоқтатқан екен. Сол егделеу кісінің бірі балаға сұйсіне қарап: «Жігітім, қай жақсы боласың?» дейді. «Жігітім, қай сөзіңді дәрежесін өсіріп, жылы сөйлеген егде кісіге риза болған әлгі бала: «Руым Кете, оның ішінде Кеген боламыз» дейді. Сонда қатты сөйлегенге қатұлы жауап беріп, жылы сөзге кең сөз айтып тұрған балаға өбден сұйсінген егде кісі: «Е, Кеген батырдың ұрпағы болсаң боларсың, бойыңда атна Текей батырдың қаны бар жігіт екенсің, оны шапыраштанған көзің айттып тұр» деген екен.

Бұл жай айтылған ауызекі әңгіме емес, нақты дерекке ұқсайды. Себебі профессор Әуелбек Қоңыратбаевтың «Берлі сұлу» еңбегінде осы жайында қызықты ақпар келтіреді. Ғалымның сөзінше, ел аузындағы аңыз бөк жыршы-жыраулар жырында кездесетін Берлі сұлу қырғыз ханы Еліктейдің қызы Бөке сұлу деседі. Тәуке ханның өзі Текей батырға көнегеп қосқан Бөке сұлу ақылы мен көркі сай дана болыпты. Профессор аңызда айтылған «Текей батырдың өжет Кегені» сол Бөкеден туған ұл деген дерекке сүйенген. Міне, батырдың бойдағы күші ұрпаққа дарып, болмысқа сіңетінінің тағы бір айқын дәлелі.

Ел арасында Текей батырдың төртінші баласы Құтманбет балуан туралы да аңыз-әңгіме көп. Халық батыр ұрпағын алапат балуан болған деседі. Оған әкесі Текей батыр: «қырғыздың Әуіп балуаны сияқты көз келгенді көуіп» деп лақтырып жіберемін дегенде өзі қалпақтай ұшытатын балуан болма. Құш-қайратыңды тиімді пайдаланатын ұстамды балуан болғайсың» деп бата беріпті. Текей батырдың өзі бозбала кезінде қырғыздың Әуіп балуанын оңдырмай жығып, аты шыққаны көп айтылады. Қазір де сол Құтманбеттен тарайтын ұрпақтары туралы естеліктер ел есінде сақталған.

Текей батырдан тек күш есігі ғана емес, сөз киесін түсінетін қаламгерлер де тарайды. Мысалы, Текей батырдың үлкен ұлы Абақанның ұрпағы, елімізге белгілі журналист-қаламгер Мырқы Исаұлы көпке таныс. Кезінде «қырғи тілші» атанған қаламгер туралықтан таймай, адамның кемшілігін тіке айтып, әділеттің ақ туын түсірмеуге күш салды. Ол ерлігін жазған-сызған еңбегінен де аңғару қиын емес. Талантты тұлға баба ерлігін, болмысын келер бұғына жеткізу жолында да еңбек етіп, 1996 жылы Алматыдан «Әз Тәукеңің Текей батыры» атты зерттеу еңбек шығарды. Онда Тәуке ханның бас батыры Текей Қарпықұлы жайлы ел арасында тараған аңыз-әңгімелер, ғылыми деректер қамтылып, батыр ерлігінің ел тарихына ұшан-теңіз үлесі беріп қалып жұртқа дәлелдегендей еді. Сонымен қатар бұл еңбек қазақтың мемлекет болып қалыптасуына айтулы үлес қосқан Текей Қарпықұлының өмірі мен ерлігін айшықтаған алғашқы зерттеудің бірі болды.

Кітап авторы Мырқы Исаұлы ауызша айтылған мәліметтермен қатар хатқа түскен деректерді де кірістіріп білген. Мысалы, орыс елшісі М.Тевкелевтің Ресей патшайымының сыртқы істер алқасына 1732 жылғы 5 қаңтарда жазған хабарламасын өз



еңбегіне енгізуі кітаптың құндылығын арттыра түскен еді. Аталған құжатта қазақ батырлары Қарпықұлы Текей мен Қарпықұлы Құдайыназар, Бөкембай батыр мен Есет батырдың қазақ халқына ортақ батыр екені анық айтылған. Кейіннен тарихи құнды құжат 1993 жылғы «Ақиқат» журналының №2 санында толық көлемде жарияланды.

Жалпы, Текей батырдың ерлігі кіші жүзге ғана емес, дүйім қазаққа ортақ мұра-тарих екені даусыз. Ол – Тәуке ханның тұсында қолбасшы болып, ұлт тұтастығын сақтауға үлес қосқан дарабоз. Ол аз десеңіз, батыр ұлт қаһарманы атануға да лайық. Оған көптеген хатқа түскен дәйектер мен нақты деректер негіз болары анық. Текей Қарпықұлының аты мәлім текдессіз батыр болғаны «Қазақ энциклопедиясы», «Қазақ шежіресі» секілді кітаптарда тайға таңба басқандай айтылған. Сондай-ақ Текейдің аты мен оның ел қорғаудағы ерліктері жайлы деректер «Ана тілі» газетіне де этнограф-зерттеуші, профессор Тынышбек Дайрабайдың «Текей батыр» деген көлемді зерттеу мақаласында жарияланды. Ал қытайдың «Шилу» жазбасында тікелей айтылмаса да Текей батырдың ерліктерін айғақтайтын бірнеше дерек кездеседі. Атап айтқанда, қытай дерегінде Тәуке ханның қалмақтармен қақтығыстағы ірі шайқастары айтылады. Ол уақыт Текей батырдың Сайрам шайқасындағы ерлігімен түспәтүз келгендіктен құнды саналады. Әрине аңыздың түбі шыныдқақа тірелетін қазақ бұрын да айтып кеткен. Текей батыр жайлы көшегі айтылған аңыз-әңгімелердің дені бүгінгі нақты деректермен ұштасуы батыр болмысының айқындалып, ерлік ісінің айшықталғанының дәлелі.

Жоғарыда айтылған еңбектерден қаһарман тұлғаның тарихи жолын аңғардық. Осы күнге дейін белгісіз болып немесе қате топышланып келген Текей батырдың өмірге келген және өмірден өткен жылдары әлі де нақтылауды талап еткен еді. Әрбір аңыз-әңгіме, тарихи деректе түрлі дата көрсетілгендіктен ел шарасыз болып келді. Алайда соңғы уақытта бұл мәселенің де нүктесі қойылғандай. Ежелден Алаш жұрты қасиетті Түркістан топырағындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің маңына жерленуді үлкен бақ санап, рухани сабақтастықтың белгісі, ұлағатты өнеге деп бағалағаны шындық. Бұл үрдіс Бекерден-Бөкер қалыптаспаса керек. Себебі қазақ ұғымында фәни дүниеден өткен соң Әзірет Сұлтаннның жанына жерлену, бір жерде мәңгі дамып табу кемелдікке жеткендіктің айқын көрінісі саналған. Содан болар, әулие қабірінің жанына қазақ халқының жиырмадан астам хан-сұлтаны, көптеген батырлары мен билері, игі жақсылары жерленген.

Текей батырдың туған жылын нақтылауда Қожа Ахмет Яссауи бабаның кесенесін сөз етуіміз тегін емес. Өйткені Текей батыр да Қожа Ахмет Яссауи кесенесінде жерленген. Мәдениет және спорт министрлігінің «ЭЗИРЕТ СҰЛТАН» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайы РМҚК мекемесінің құрамында (03.02.2017 ж. №06-05/43 санды анықтама) әулие кесенесіне жерленгендер туралы тізімде Текей батыр 66-шы болып тіркелген. Сәкіесінше аталған құжатта

**А.БЕК,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі**

МАҚСАТЫМ – ТУҒАН ЖЕРДІ ТҮЛЕТУ

Бағдарламада айтылған жобалардың ауылда жүзеге асуы үшін алдымен сіздердің қолдауларыңыз қажет. Сондықтан алдағы сайлауда баршаңызды маған дауыс беруге шақырамын. Сіздердің қолдауларыңыз маған артылған сенім деп білемін.

Омирсерик АБТЫКАЛЫКОВ,
Мәдениет ауылдық округі
әкіміне үміткер



Туған жерді түлету – парызым

Ауыл дамыса, алға басамыз. Ал оны жүзеге асыру – баршамызға міндет. Алдағы саяси науқанда бақ сынауыма да басты себеп осы. Саяси науқанда баршаңызды маған дауыс беруге шақырамын.

Қазыбек МОЛДАБЕКОВ,
Мәдениет ауылдық округі
әкіміне үміткер



САЙЛАУШЫЛАР СЕНІМІ БӘРІНЕН ЖОҒАРЫ

Елді мекенді көркейтеу – ауыл азаматы ретіндегі басты міндетім. Сондықтан ауылдың дамуы жолында әрбір тұрғынның ұсынысы мен үшін маңызды.

Төлеген ҚОРҒАНБЕК,
Мәдениет ауылдық округі
әкіміне үміткер



МАҚСАТЫМ – АУЫЛДЫ ДАМУ

Алдағы сайлау – ел алдындағы перзенттік парызды өтеуге берілген үлкен мүмкіндік. Бұл ретте ауыл тұрғындарының қолдауы бәрінен маңызды.

Ғалым ЖАНАШЕВ,
Мәдениет ауылдық
округі әкіміне үміткер



Ауылдың болашағы маңызды

Менің кандидаттурамды қолдап, дауыс берсеңіздер, сайлау-алды бағдарламамды қысқа уақыт ішінде жүзеге асырып, сол арқылы бірлестіріп жетістіктерге жететінімізге сенемін!

Айдар САКИЕВ,
Мәдениет ауылдық
округі әкіміне үміткер



Хабарландыру!

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Бұқарбай батыр ауылы Бұқарбай батыр көшесі №23А мекен-жайдағы спорт көшені ғимараты сатылады.

Нарықтағы сатылым бағасы – 70 742 000 теңге (жетпіс миллион жеті жүз қырық екі мың теңге 00 тиын).

Ғимарат туралы жалпы мәліметтер:

1. Салынған жылы – 2020 жыл;
2. Қабат саны – 1;
3. Құрылыс ауданы – 838,9 шаршы метр;
4. Ғимарат ауқымы – 7046,0 шаршы метр;
5. Жалпы алаңы 801,5 шаршы метр;
6. Тұрғын емес тарихты ұмытпай, ұрпақтар сабақтастығын үзбесі белгілі.
7. Бөлмелер саны – 11;
8. Қабырға материалы – сэндвич-панельдер;

Негізгі құрылыстың конструктивтік элементтерінің техникалық сипаттамасы:

1. Іргетасы – бетон;
2. Ішкі және сыртқы тұрақты қабырғалары – сэндвич-панельдер;
3. Ара қабырға – ағаш;
4. Шатырлық – металл;
5. Еден – линолеум;
6. Терезелер – пластик;
7. Есіктері – ағаш-металлды;
8. Ыстық сумен қамсыздандуы – бар;
9. Су құбыры – бар;
10. Канализация – бар;
11. Электрмен жарықтандыруы – бар;
12. Жеке жылу қондырылуы – бар (сұйық отын).

Хабарландыру

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Аққұм ауылы Бейбітшілік көшесі №25 мекен-жайы бойынша орналасқан «Спорт орталығы» сатылады. Спорт орталығы 2020 жылы пайдалануға берілген жалпы ауданы – 919,2 шаршы метр. Іргетасы темір бетоннан құйылған, қабырғасы қабыршақты блоктармен (ракушоблок) қаланған, төбесі металл жабынқыш (металлочерепица), инженерлік жүйелері қосылған (су, көріз жолы, жарық жүйесі) ғимарат сұйық отынмен жылытылады. Бағасы – 65 000 000 теңге.

Байланыс телефоны: 8-778-235-08-07

Хабарландыру

«Ауыл» Кредиттік серіктестігі» ЖШС құрылтайшыларының кезектен тыс жалпы жиналысында 2023 жылы 18 тамызда сағат 10.00-де мына мекен-жайда өткізу туралы хабарлайды: Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жалағаш көпірі Т.Қыстаубаев көшесі №4 үйі «Ауыл» КС ЖШС ғимаратында.

Күн тәртібінде:

1. Серіктестіктің қатысушыларын кредиттендіруге несие лимитін бөлу және несие желісін ұлғайту туралы.

Сонымен қатар құрылтайшыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлеріңіз бар болса, 5 күн

ішінде жиналыс ашылғанға дейін серіктестікке ұсынуларыңызды, құрылтайшылардың жалпы жиналысты өткізу тәртібі ҚР заңдарына сәйкес айқындалатындығын құрылтайшылардың жалпы жиналысын өткізу Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы», «Микроқаржылық қызмет туралы», «Кредиттік серіктестіктер туралы» Заңына, серіктестік Жарғысын басшылыққа алып өткізілетіндігін хабарлаймыз, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

БСН: 010640000062

Құрмет



Қарты бар ел қазыналы

«ЖАС КҮНІМДЕ БЕЙНЕТ БЕР, ҚАРТАЙҒАНДА ЗЕЙНЕТ БЕР» ДЕГЕН ХАЛЫҚ ДАНАЛЫҒЫ ТЕККЕ АЙТЫЛМАСА КЕРЕК. КЕШЕ ТАҢ АУЫЛДЫҚ ОКРУГИҢ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ ҰЗАҚ ЖЫЛДАР ЕҢБЕК ЕТІП, БҮГІНДЕ ЕҢБЕГІҢІЗ ЗЕЙНЕТІҢ КӨРІП, КИЕЛІ ҚАРА ШАҢЫРАҚТЫҢ БЕРЕКЕСІ БОЛЫП ОТЫРҒАН АУЫЛДЫҢ АБЫЗ ҚАРИЯЛАРЫ ШАДЫМҰРАТ ҚОЙБАҒАРОВ ПЕН САБЫРБАЙ АҒЫБАЕВ АТАЛАРЫМЫЗДЫҢ 80 ЖАСҚА ТОЛҒАН МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕЛЕРІНЕ ОРАЙ ШАРА ӨТТІ.

Шараға аудан әкімі Асқарбек Есжанов пен аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусинов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев бастаған бірқатар абыз ақсақалдар мен ел ағалары қатысты.

Шадымұрат Қойбағаров 1943 жылы 10 қыркүйек күні Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Таң ауылында дүниеге келген. 1952 жылы Мөрелі Шөменов ауылындағы №34 «Иіркөл» мектебіне барып, 1962 жылы он жылдық мектепті бітіріп, Коммунизм совхозында бір жыл жұмыс жасаған. 1963 жылы мамыр айында жүргізуші болып жұмысқа қабылданып, 1965 жылы Байқоңыр қаласындағы әскер қатарына алынып, үш жыл әскери борышын өтеген. 1969 жылы Таң совхозына жүргізуші болып жұмысқа қабылданған ол 1972 жылы Асыл Шыныбекова анамзыбен отау құрып, үш ұл екі қыз тәрбиелеп өсірген. Бүгінде осы балаларынан 20 немере, 6 шөбере сүйіп отыр. Ерен еңбегінің арқасында «Үздік жүргізуші», «Озат сушы» деген грамоталармен марапатталған.

Сабырбай Ағыбаев Қызылорда облысы Арал ауданы Қасқақұл ауылындағы Ұзынкайыр елді мекенінде 1943 жылдың 25 қыркүйегінде дүниеге келді. Ұзынкайыр елді мекеніндегі орта мектепке 1950 жылы барып, 1957 жылы бітірді. 1959 жылдан бастап осы елді мекендегі балық заводында жұмыс жасаған. Ұзынкайырдан 1963 жылы Қаратөрең елді мекеніне қоныс аударып, 1964 жылы әскер қатарына қабылданып, азаматтық борышын Ташкент қаласында өтеген. 1977 жылы Таң ауылына қоныс аударып, 1978-2006 жылдары аралығында механизатор болып жұмыс жасаған. Еңбек еткен жылдары түрлі грамоталармен марапатталған ол 1961 жылы Шакизада Ағыбаева анамзыбен отбасын құрған. Бүгінде 8 бала, 30 немере, 28 шөбере сүйіп отырған қазыналы қария.

— Киелі Жалағаш жері ел үшін аянбай тер төккен азаматтарға көнде емес. Біз сол азаматтарға лайықты құрмет көрсетіп, ғибратты ғұмырын

басқаларға үлгі, жастарға өнеге етуді басты мақсатымыз деп санап, дәстүрге айналдырып келеміз. Халқыынтымақты сүйетін, еңбекті ту, бірлікті ұран еткен киелі мекен Таң ауылының береке-бірлігі көпке үлгі. Талай дарынды перзенті тербеткен ауыл өздеріңіз білетіндей егін егуден айналысып, ауданның ауыл шаруашылығы саласын дамуына қомақты үлес қосып келеді. Соның ішінде бүгінгі мерейтой иелері Сабырбай Ахметұлы мен Шадымұрат Ұрметұлының өзіндік қолтаңбасы бар. Осындай ардақты әкелеріміздің өмірі өнегелі, игі істерге толы. 80 жасты өңсеру — екінші біріне бұйыра бермейтін биік шың. Сіздердің басты байлықтарыңыз — отбасыларыңыз, ұрпақтарыңыз және өнегелі еңбек жолдарыңыз. Сіздердің ғибратты ғұмырларыңызды жастарға берсін. Ұрпақтарыңызбен мың жасап жүре беріңіздер, бүгінгі 80 жасқа толған мерейтойларыңызбен құттықтаймын — деген аудан басшысы Асқарбек Темірбекұлы халқымыздың игі дәстүрі бойынша мерейтой иелеріне шапан

жауып, сый-сияпатын табыстады.

Мұнан бөлек аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев ауылдың болашағын жарқын ету жолында елеулі еңбек еткен мерейтой иелерінің ауылдың тыныс-тіршілігіне, өсіп-өркендеуіне қосқан үлесі зорын жеткізді. Осынау жылдар ішінде өмірдің талай белесінен табысты өтіп, бүгінде өркен жайып, алып бейтерекке айналып отқан қуаныш иелерін облыс ардагерлері атынан марапаттады.

Туған жерді түлету мақсатында ауылды абаттандыру, көркейту-көгалдандыру, елді мекен халқының әлеуетін арттыру сияқты бірнеше жарқын жобаларды жүзеге асырған «Таң ЛТД» ЖШС төрағасы Имамзада Шағыртаев та 80 жасқа толған ардагерлерді шаруашылықтың атынан құттықтап, ат мінгізіп, құрмет көрсетті.

Халқымызда «Өткенге — құрмет, бүгінге — өнеге» деген қанатты сөз бар. Саналы ғұмырын халық ісіне арнап, ел үшін аянбай еңбек етуді парыз санап, төрден орын алған, есімі жақсылар мен жайсаңдардың қатарында аталып, абырой биігінен көрінген ардақты ардагерлер қашанда құрметке лайық. Ел ертеңін ойлап, ескелең ұрпаққа өнеге болған ардагерлерімізге арналған құрмет көрсету шаралар легі жалғаса бермек.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Маман мерейі

Салаға серпін берген

ТЕМІРЖОЛ САЛАСЫ – ЕҢ КҮРДЕЛІ, ЕҢ АУҚЫМДЫ САЛАНЫҢ БІРІ. АЛЫП ЖЕРДІҢ БЕТІНДЕ ҚАН ТАМЫРДАЙ ТАРАЛҒАН БОЛАТ ЖОЛ БОЙЫНДА БІР СӘТ ҮЗІЛМЕЙТІН ҚОЗҒАЛЫСТАН ТҰРАТЫН САЛАНЫҢ ҚИЫНДЫҒЫ АЙТПАСА ДА БЕЛГІЛІ. АУЫР ТІРКЕМЕЛЕР КІДІРІССІЗ ӘР ҚИЫРҒА ЖОЛ ТАРТУЫ ҮШІН ҚЫСҚЫ АЯЗБЕН ЖАЗҒЫ АПТАПТА ЖҰМЫС ІСТЕУ КІМ КӨРІНГЕННІҢ ҚОЛЫНАН КЕЛЕ БЕРМЕЙДІ. СЕБЕБІ БҰЛ САЛА – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚТЫ, ШЫДАМДЫЛЫҚТЫ, ТӨЗІМДІЛІКТІ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ. ОСЫ ТЕМІРЖОЛ САЛАСЫНА САНАЛЫ ҒҰМЫРЫН АРНАП КЕЛЕ ЖАТҚАН ЖАНДАРДЫҢ БІРІ – ГАУХАР ҚОҢРАТБАЙҚЫЗЫ.



Әйел — барлық қиындықты жеңе білетін сарқылмайтын күш, тіршіліктің қайнар бұлағы. Себебі олар қай салада болсын өздерін еңбек ету арқылы дәлелдеп келеді. Кейіпкеріміз Гаухар Қоңыратбайқызы — Жалағаш теміржол вокзалындағы анықтама бөлімінің қызметкері. Ол 1977 жылы 7 шілдеде Жалағаш ауданында қарапайым отбасында дүниеге келген. 1992 жылы №31 орта мектебін бітірген Гаухарды жас кезінен теміржол саласының қызметі қызықтырушы еді. Бұған бірден-бір себеп теміржол саласында кассир, жүк қабылдаушысы болып жұмыс істеген анасы Ұрлықан Жұмаділқызы.

Анасының еңбек жолын жалғастыруды мақсат еткен Гаухар Қызылордадағы Исатай Әбдікерімов атындағы аграрлық теміржол колледжіне оқуға түскен. Одан кейін Алматыдағы Қазақ қатынастар университетінде оқып, теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және басқару жөніндегі инженер мамандығы бойынша білім алған. Теміржол саласында жолаушыларға қызмет ету, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, вагондармен жеткізілген халық шаруашылық жүктерін қабылдап алу секілді жұмыс түрлері көп. Сол жұмыстарға белсене араласып абыроймен атқарған Гаухар қазіргі уақытта анықтама бөлімшесінде өзіне жүктелген міндетін абыроймен орындап, анасының өнегелі жұмысын жалғастырып келеді. Сондай-ақ ол бұл салада еңбек ету тек жұмысына мығым болуды ғана қажет етпейтінін айтады, сөзінше, жолаушылармен де жақсы қарым-қатынас орнату ерекше маңызға ие екен.

— Салада азды-көпті жинаған тәжірибеміз бар. Ардақты анам салған сара жолмен келемін десем де болады. Себебі ол да — осы саланың ардагері. Анамның салада қажырлы еңбек еткенін Жалағаш жұрты жақсы біледі. Мен де шама-шарқымша халыққа қызмет етемін. Мамандыққа адалдық деген бар, өзім қалаған маман иесі бодым және соған сай еңбек етемін, — дейді кейіпкеріміз.

Ел экономикасының құрметамыры саналатын күрделі салада еңбек етіп жүрген Гаухар Қоңыратбайқызы бүгінге дейін көптеген алғыс хаттармен марапатталған. Қазіргі таңда ол өнегелі отбасында 1 қыз, 1 ұл тәрбиеленіп отыр. Қызын қияға қондырып, 2 немере сүйіп отырған аяулы ана, асыл жар, ардақты әже.

— «Ана көрген тон пішер» демекші, менің осы салаға келуіме анамның қосқан үлесі зор. Ол — теміржол саласында 35 жыл еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан ардагер ана. Сонымен қатар нағашым Шыңғабай Биханов та осы теміржол саласында 45-жыл аға шебер болып қызмет жасаған. Ол — «Құрметі теміржолшы» атағын иеленген өз ісінің маманы, сала ардагері. Осы кісілердің жолын жалғап, еңбек жолына қызығып, теміржол саласына деген қызығушылығым артты, дейді — ол.

Теміржолшылардың тынымсыз еңбегі мен қажырлы қайраты қуатты Қазақстанның экономикалық әлеуетін арттыруға қомақты үлесін қосуда. Өйткені айшылық алыс жерлерге аман-есен жетуде, жолаушының жол азабын азайтуда, оған қоса жүк тасымалының қарқынды дамуының артында теміржолшылардың тейірдей тәртібі, ерен еңбегі тұр.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Спорт

Өткен аптада аудан спортында өзіндік қолтаңбасын қалдырған Аслан Бағдатұлы еске алуға арналған аудандық турнир өтті. Бөзкілемде 20 палуан өзара мықтыны анықтап, ұлттық спортты ұлықтады. Шараның ашылу салтанатында аудандық мәдениет және спорт бөлімі басшысының орынбасары Еркебулан Жамалатов турнирдің маңыздылығына тоқталып, қатысушыларға сәттілік тіледі.



Тартысқа толы турнир

— Бүгінгі шараның өзіндік маңызы бар, оны аудан спортына Аслан Бауырымыздың сіңірген еңбегімен етене таныс кез келген азамат жақсы түсінеді деген ойдамын. Игі шараны қолға алған құрдастарына алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Елдің спортына еңбегі сіңген азаматтардың есімі осылай ел жадында жаңғыруы тиіс. Бүгінгі турнирге арғы басы Аралдан келіп жатқан палуандарымыз да бар. Сондықтан бөзкілемдегі палуандар бәсекесінің тартысты ететініне күмәнім жоқ. Кім жеңіске жетсе де, кіл мықтылардың аты озын. Осындай игі шаралар аудан спортының дамуына, жастарды спортқа баулуға үлкен сөп болары сөзсіз. Себебі бүгінгі бір ғана шарада тек бір азаматты еске алып қана қоймаймыз, ұлттық спортымызды дәріптейміз, оған жастардың қызығушылығын арттырамыз. Ауданда ең көп турнир ұйымдастырылып жатқан ұлттық спорт түрлерінің бірі де бірегейі — қазақ күресі, бүгін де осындай игі шараға куә болып отырмыз, қатысушыларға тағы да сәттілік тілеймін, — деді Еркебулан Жамалатов.

Мұнан кейін бөзкілемге бірінен кейін бірі палуандар шақырылып, кіл мықтылар анықталды. Қатысушылар 90 келі салмаққа дейін өзара мықтыны анықтады.

Иә, палуандар әдіс жасау, жалпы қазақ күресінің тактикаларын меңгерумен, қарсыласынан алысын асыруда бірінен бірі өтеді. Бәрі де «сен

түр мен атайын» деп тұрған сайыпқырандар екені анық байқалады. Бөзкілемде 5 минут бойы бір-бірін ала алмағандар да болды, уақытынан бұрын қарсыласының жауырынын жерге тигізгендер де табылды, тіпті белдесіп, соңында салмақ өлшеу арқылы келесі кезеңге кім өтетіні де анықталды. Өзбасым мұндай шешімді бірінші рет көрдім.

Не керек, бөзкілемде «өтпеген-ай» деп қалған 10 палуан жарыс жолынан шеттетілді. Сондай-ақ 10 палуан келесі кезеңге жолдама алды. Оның бесеуінің тағы да жауырыны жер іскеп, қос палуан үшінші орынға кім лайық екенін анықтаса, ақтық мәреде қарсылас шақ келтірмеген қос палуан бүгінгі турнирдің нүктесін қойды.

Ақтық мәреге дейінгі жекпе-жекте сүрінген ақсулық Ұласхан Алпысбай мен Арал ауданынан келген Еңбек Сақтағанов турнирдің жүлделі үшінші орынын сарапқа салды. Иә, Аралдан ат терлетіп келген палуанның мықтылығы көрініп-ақ тұр. Жерлесіміз де осыған дейінгі талай турнирде бізді жерге қаратқан жоқ. Оның үстіне тұтас Жалағаш жұрты тақымын қысып отыр. Қонақ сыйлап, қарсыласына жол берейін десе, жеңілу қаншама шәкірт тәрбиелеп отырған атына сын. Ал жол бермейін десе, қонақтың да көңіліне қарайды, онысы да дұрыс, ертеңгі күні Аралға әлгі палуан «ауылдастың аты озды» деп барса, тағы ұят. Не керек, жекпе-жектің соңғы секундтары соққанша бауырымыз қонақ сыйлады,

ақырында шыдамай кетті ғой деймін, өзін сұлатуға әрекет еткен Еңбекке қарсы әдіс жасап, жеңісті қолдан жұлып алды. Осылайша ол бүгінгі турнирде үздік үштікті түйіндеді.

Негізі, Ұласхан әуелгі қарсыласпен шыққаннан оның ақтық мәреге дейін баратынына жанкүйерлерде күмән болмады. Ақсуда қазақ күресі мен дзюдо үйірмесінде қаншама шәкірт баулып отқан білікті бапкердің ұлттық спорттың бірнеше әдісін еркін меңгерген жанкүйерлер түсіне қойды. Тіпті ақтық мәреге шығатын да, себебі оны қарсыласы жекпе-жекте де, белдесуде де ала алмады, ақыр соңында салмақ өлшеу әдісімен ақтық мәреден шеттетілді. Бар айыбы сол, қарсыласынан салмағы бірнеше көліге жоғары екен.

Жас та болса дзюдо мен қазақ күресінен Ақылбек Серіктің есімі еліне етене таныс. Оны үлкен додаларға алып барған бапкерлері үшінші, екінші орын алса, өкпелейтін көрінеді. Білікті бапкерлерде мұндай түсінік қалыптасатындай да бар, себебі ол кішкентайынан бөзкілемге шыққаннан тек бас бөйгелерді еншіледі. Бұған дейін аудан, облыс, ел намысын қорғап, үлкен додаларда жауырыны жер іскемеген жас палуанның бүгінгі турнирде де бағы жанды. Бөзкілемде қарсылас шақ келтірмеген палуан ақтық мәре алдында аралдық Еңбек Сақтағановты қалай өңсергенін көрсенді ғой, «міне, осылай күресу керек» дейсіз еріксіз.

Ақтық мәреде Ақылбектің қарсыласы Шыңғысхан Әбілқасенұлы болды. Мықтыны мықты деуіміз керек шығар, ақтық мәреге дейін сүрінбеген ол да осал емес болып шықты. Не керек, қанша дегенмен тәжірибе деген тағы бар, жекпе-жек соңына дейін Ақылбек бұл турнирдің жеңімпазы атанса, қарсыласы екінші орынға жайғасты.

Жарыс соңында турнирдің бас төрешісі Өмірбек Келменов қатысушыларға алғысын білдірсе, аз ғана ғұмырында аудан спортында атын қалдырған Асланның әкесі Бағдат ағамыз жүлдегер палуандарға арнайы дипломдар мен қаржылай сыйақысын табыстады. Сондай-ақ турнирде үздік өнер көрсеткен тағы 5 палуан қаржылай сыйақыға ие болды. Тіпті төрешілер де мұндай сыйақыдан құр қалмады.

Өткенді ұлықтап, өшкенді қайта жаңғыртуда Жалағаш жұрты салтынан жаңылған емес. Ал мұндай шараларда ұлттық спортты дәріптеу өз алдына бөлек әңгіме. Міне, ауылдың азаматтары осындай игі шараны қолға алып, ер есімін ел жадында қайта жаңғыртып жатыр. Баршаңызға алғыстан басқа айтарым жоқ, аудан спорты алға бассаң, үлкен додаларда байрағымыз биікте желбіреп, әңғуранымыз шырқалсын, — деді Бағдат Сыдықов.

Шара соңында аудан орталығындағы «Иманқұл» мешітінде спортшының рухына құран бағышталып, ас берілді.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 1223